

ған. Бұл топ Абайдың ән шығармашылығының жанашыры сынышысы да, орындаушысы да, таратушысы да болған. Ақынның музикалық мұрасын жазып алу өткен ғасырдың 20-жылдары басталды. Алғаш А.Э.Бимбоэс Абайдың екі әнін (Мұстафа Нұрбаевтан «Сегіз аяқ», Нәзипа Құлжановадан «Татьянаның хатын») нотаға түсіріп алды. А.В.Затаевич, Е.Г.Брусиловский, Л.Хамиди, Б.Г.Ерзакович, А.Жұбанов, Қ.Жұзбасов, У.Бекенов т.б. маман-зерттеушілер Абай әндерін білетін адамдардан жазып алып, бүгінгі қүнге жеткізді. Абайдың музикалық мұрасын жинап, сақтауға М.Әуезов көп күш салды. Жұбанов пен Хамиди ақын әндерін операға пайдаланса, Е.Г.Брусиловскийдің «Жалғыз қайын», А.Жұбановтың «Абай» атты симфониялық поэмалары, С.Щабельскийдің Фортепианолық трионы, М.Скорульскийдің Фортепианолық квинтеті Абай әндерінің негізінде туды. Ұлы ақынның өлеңдеріне қазақ композиторлары М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, К.Күмісбеков, Ә.Еспаев, М.Қойшыбаев т.б. композиторлар өздерінің ән-романстарын жазды. Елімізде ұлы ақынға жасалған құрмет ерекше.

Қазақтың классик жазушысы М.Әуезовтың өлемге белгілі шығармасы – «Абай жолы» ұлы ақынға арналған. Ақын тұлғасы өзге де көркемөнер туындыларына да өзек болды.

128. АЙТТЫМ СӘЛЕМ ҚАЛАМҚАС

Орындаған Темірболат Арғынбаев
Нотаға түсірген Б.Ерзакович

Баяу, терен сезіммен

Ayt-тым сә - лем Ка - лам - қас, Sa - ған құр - бан мал мен бас.
Са - ғын - ған - наң се - ні ой - лап, Ке - лер көз - ге ыс - тық жас.

Айттым сәлем Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар артылмас.
Бір өзіңнен басқаға,
Інтықтығым айтылмас.